

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 32-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 577 -қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – көру қабілеті бұзылған білім алушылардың музыкалық мәдениетін, негізгі білімі мен біліктерін қалыптастыру, музыкалық іс-әрекетінде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгерту.

3. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) музыка өнеріне қызығушылықтарын дамыту;
- 2) гармониялық және тембрлік есту қабілетін дамыту;
- 3) ырғақ сезімін, музыкалық есте сақтауды, есту арқылы өзін-өзі бақылауды, дыбысталу сапасын және музыкалық көріністерді дамыту;
- 4) музыкалық сауаттылық негіздері, музыканың стильдері, жанрлары және мәнерлі құралдары туралы түсініктерін қалыптастыру;
- 5) музыканы өнердің басқа да түрлерімен кіріктіру, музыкалық орындаушылық дағдыларын, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы біліктерін және дағдыларын дамыту;
- 6) білім алушылардың қазақтың дәстүрлі музыкасы мен фольклорының, әлем халықтарының музыкалық шығармашылығының, классикалық және заманауи композиторлар шығармаларының озық үлгілерін білу
- 7) музыкалық іс-әрекеттер процесінде білім алушылардың көркемдікті қабылдау қабілеттерін қалыптастыру.

4. Түзету-дамыту міндеттері:

- 1) танымдық іс-әрекетті түзету: бейнелі ойлауды, есту арқылы қабылдауды, қиялды, есті, зейінді;
- 2) кеңістікте, сахнада бағдарлануды үйрету; шағын кеңістікте; музыкалық аспапта орындау;
- 3) қалдық көруді дамыту және қорғау;
- 4) әуенді біртұтас қабылдау, шығарманың тақырыбын түсіну арқылы мимикалық қасиеттерді дамыту;
- 5) даярлық музыкалық жаттығуларды, әуенді орындау арқылы тыныс алу дағдыларын қалыптастыру;
- 6) көпшілік алдында орындау кезінде көру қабілеті бұзылған білім алушылардың мінез-құлқының адекватты емес формаларын, психологиялық дағдарыстарын жою.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқыту құндылықтық-бағдарланған, тұлғалық-бағдарланған, әрекеттік, саралап оқыту, коммуникативті тәсілдер және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) негізінде жүзеге асырылады.

6. «Музыка» пәнін оқытудағы құндылықтық-бағдарланған тәсіл көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға әлемді тануда өздері үшін маңызды құндылықтарын таңдауға, біртұтас ойлау мен сананы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

7. Оқытудың тұлғалық-бағдарланған тәсілі көру қабілеті бұзылған білім алушылардың жеке дамуын және өзін-өзі дамытуын белсендіруге бағытталған, тұлғаны қалыптастыруда балалардың жеке-дара ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және қабілеттерін еске алуды, ойын көріністерін және әндерді сахналау арқылы зейінді, музыкалық есте сақтау мен ішкі есту қабілетін дамытуын көздейді.

8. Іс-әрекет тәсілі жеке, топтық және жұптық жұмыс арқылы жүзеге асырылады, бұл шығармашылық тапсырмаларды қолдануды қамтиды, онда көзі көрмейтін және нашар көретін білім алушылар өздерінің көңіл-күйлеріне назар аударуға, музыканың көмегі арқылы сабақта естіген өмірлік жағдайлармен туындайтын сезімдер мен эмоциялардың біртұтас кешенін жеткізуге үйренеді.

9. Оқу іс-әрекетіндегі саралап оқыту тәсілі көзі көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың музыкалық қабылдауының, ақпаратты жеткізудің, зияттың, іс-әрекеттің, сөйлеудің, эмоциялар, естің және ойлаудың ерекшеліктерін есепке алады және білім алушылардың екі топқа бөлуге мүмкіндік береді:

- 1) жақсы музыкалық қабілеттері бар білім алушылар: дәл дауыс ырғағын келтіреді, әндерді жылдам және жақсы үйренеді және есте сақтайды, музыкалық шығарманы мәнерлі орындайды, ән салуда тыныс алу дағдыларын меңгерген;

2) әлсіз музыкалық қабілеттері бар білім алушылар: есте сақтау қабілеті нашар, ырғағы дәл емес және есту қабілеті әлсіз, зейіннің шоғырлануы төмен деңгейде, сөйлеудің бұзылуы, тұтығуы бар; аталған санаттағы балалармен жұмыс жеке тәсілді талап етеді.

10. Коммуникативтік тәсіл білім алушылардың диалог жүргізу қабілетін, өзінің ой-пікірлерін коммуникацияның міндеттері мен шарттарына сәйкес көрсету қабілетін қалыптастырады.

11. АКТ-ды қолдану музыканы тыңдау, шығару және есте сақтау, «Музыка» оқу пәнінің әдістемелік мүмкіндіктерін байытуға, оған заманауи деңгей беруге мүмкіндік береді.

12. Музыка сабақтары арнайы жабдықталған кабинетте жүргізіледі:

1) жұмысқа арналған жиһаз және жабдықтар: балалардың музыкалық аспаптары, музыкалық орталық, фортепиано, жұмыс және демонстрациялық үстел;

2) оқытудың арнайы құралдары: рельефті картиналар, Брайль жүйесі бойынша нота кестелері, анықтамалық, музыкалық әдебиет, ұлғайтылған және рельефті-нүктелі шрифтпен жазылған оқулықтар; экрандық-дыбыстық құралдар.

3 - тарау. «Музыка» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

13. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі :

- 1) 0 - сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 64 сағатты;
- 2) 1 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 3) 2 - сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

14. Бағдарламаның мазмұны төмендегідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Музыканы тыңдау, талдау және орындау» бөлімі;
- 2) «Музыкалық-шығармашалық жұмыстарды құру» бөлімі;
- 3) «Жобаны даярлау және құру» бөлімі;

15 «Музыканы тыңдау, талдау және орындау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) музыка тыңдау және талдау;
- 2) музыкалық-орындаушылық іс-әрекет (ән салу);
- 3) музыкалық сауат (Брайль нота жүйесі);

16. «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау;
- 2) музыка шығару және импровизациялау.

17. «Жобаны даярлау және құру» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) білім алушылардың музыкалық-шығармашылық жұмыстарын презентациялау және бағалау.

18.0 - сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Музыка тыңдау, талдау және орындау» бөлімі: музыкалық сауаттылық негіздері, музыка тыңдау және талдау дағдыларының дамуы; есту арқылы мәнерлі құралдарды анықтау (жай, қатты, баяу, жылдам); дыбыс бойынша және сипап-сезу негізінде аспаптарды ажырату біліктілігі; көру қабілетін бұзылған балалардың таза дыбыстауы (дұрыс жалғаулар, дауысты және дауыссыз дыбыстар); балалардың музыкалық аспаптары, оларды сипау арқылы тану; музыкалық сөйлемдер арасында дұрыс тыныс алу; есту арқылы нотаны анықтау; секста, септима шегіндегі биіктігі бойынша дыбыстар (жоғары, төмен); шағын және үлкен кеңістікте, аспапта және сахнада бағдарлану;

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру» бөлімі: шығармашылық бейне; ертегі бейнесі; ертегі кейіпкерлерінің жеке-дара сапаларын дауыс арқылы жеткізу біліктілігі; музыкалық бейнені қабылдау және бейне туралы өзінің әсерлерін айту біліктілігі; дыбысы бойынша және сипап-сезу негізінде аспаптарды ажырату біліктілігі; ертегі кейіпкері, мюзикл; музыкалық-қозғалыс этюдтері мен ойындарда қарапайым мимикалық және пантомимикалық мәнерлі құралдарды қолдану; шапалақтау және топылдату арқылы қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту біліктілігі;

3) «Жобаны дайындау және құру» бөлімі: балалар әндерін шығармашылықпен орындау, бағалау (жақсы, нашар); орындау алдында қорқынышты және ұяндықты жеңу, позитивті көңіл-күй.

19.1 - сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Музыка тыңдау, талдау және орындау» бөлімі: тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйі, ырғағы, қарқыны, динамикасы; есту арқылы таныс дыбыстар мен музыкаларды анықтау және сипаттау; музыкалық шығармалар, олардың сипаты; сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттерін ажырату; есту арқылы жоғары, орта, төмен регистрлерді, динамиканы (f, p), қысқа және ұзын дыбыстарды, «соль» және «ми» ноталарының биіктігін, қарқынды анықтау; дауыс тембрін, қазақтың халық және басқа музыкалық аспаптарының тембрін анықтау; әуеннің графикалық бейнеленуін түсіну; музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әнді орындау; шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау; ертегі кейіпкерінің музыкалық бейнесі; мюзикл; дауысты және музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық сөйлемдерді шығару (1-2 такт); шапалақтау, топылдату және басқа қимылдар арқылы қарапайым ырғақтық сурет; балалардың музыкалық аспаптары, оларды сипап-сезу арқылы тану; Брайль жүйесі бойынша нота жазбасы; шағын және үлкен кеңістікте, аспапта және сахнада бағдарлау;

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру» бөлімі: музыкалық сөйлемдерді шығару үшін идеялар; сахналанған әндер; музыкалық ойындар және шағын музыкалық қойылымдар; музыкалық бейнелер, әсерлер мен

пікірлер; дыбыс бойынша және сипап-сезу негізінде аспаптарды ажырата білу; дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық сөйлемдерді шығару (1-2 такт); шапалақтау, топылдату және басқа қимылдар арқылы қарапайым ырғақтық сурет;

3) «Жоба дайындау және құру» бөлімі: шығармашылық жұмысты ұсыну, бағалау (жақсы, жаман); көңіл-күйді білдіріп, ешбір қысымсыз әнді орындау.

20. 2 - сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Музыка тыңдау, талдау және орындау» бөлімі: музыкалық шығармалардың ұқсастығы мен айырмашылықтары; музыкалық терминдерді қолданып, музыкалық шығармалардың көңіл-күйі, мазмұны және мәнерлі құралдары; визуалды элементтер және музыкалық-ырғақтық қимылдардың көмегімен музыка туралы өзінің ойлары мен сезімдерін жеткізе білу; музыкалық бейне, әсерлер мен пікірлер; сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттері мен ерекшеліктері; релятивті жүйені қолданып (до, ми, соль) дыбыстардың биіктігі, есту арқылы ноталардың ұзақтығын және паузаларды (сегіздік, төрттік) анықтау; қазақтың халық және классикалық музыкалық аспаптарының тембрін; шығарманың музыкалық жанрын анықтау; сипап-сезу арқылы шағын кеңістікте (аспап) бағдарлау; Брайль жүйесімен ноталар; үлкен кеңістікте, сахнада бағдарлау;

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру» бөлімі: музыкалық сөйлемдерді шығару және импровизациялау үшін идеялар; сахналанған әндер; музыкалық ойындар, музыкалық қойылымдар және бейнелер; шығарманың музыкалық бейнесі; дыбысы және формасы бойынша және сипап-сезу негізінде аспаптарды ажырата білу; қарқынды, ырғақтық суретті сақтай отырып, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы әндер; шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау; әртүрлі аспаптарды қажетті ноталарды ойнай білу; шығармашылық және импровизация; шығарма және импровизация; дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып музыкалық сөйлемдер (2-4 такт) шығару және импровизациялау;

3) «Жоба дайындау және құру» бөлімі: музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде шығармашылықтың белсенділігін, дербестілігін көрсету; шығармашылық жұмысты ұсыну; әндерді вокальды орындау; музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде шығармашылықты және өзбетінділікті дамыту.

21. 3 - сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Музыка тыңдау, талдау және орындау» бөлімі: тыңдалған шығарманың көңіл-күйі, мазмұны және көркемдік бейнесі; музыкалық жанрлар және ұғымдар; тыңдалған музыка туралы ой-пікірлерін және сезімдерін жеткізе білу; сипап-сезу негізінде музыкалық аспаптардың қасиеттері, ерекшеліктері және тембрлік бояуы; музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы әндер, қарқын, ырғақтық сурет және динамика; ансамбльде ойнау, қарқын мен динамиканы сақтай отырып, шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарындағы әртүрлі ырғақтық суреттерді ойнау; әртүрлі аспаптарда ойнау; есту арқылы дыбыстың биіктігін анықтай білу және ноталарды нота дәптеріне

ұлғайтылған қатармен Брайль жүйесі бойынша бірінші октаваның шегінде жазу; дыбысталуы бойынша музыкалық аспаптар, музыкалық аспаптарды топтар бойынша жіктеу; регистр, динамика, қарқын; шағын және үлкен кеңістікте, аспапта және сахнада бағдарлау;

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру» бөлімі: музыкалық мәнерлі құралдарды қолданып, шығарма және импровизация үшін идеялар; сахналанған әндер, музыкалық ойындар, музыкалық қойылымдар және бейнелер; музыкалық шығарманың сипаты; шығарманың музыкалық бейнесі; дыбысы және формасы бойынша және сипап-сезу негізінде аспаптарды ажырата білу; дауысты және музыкалық аспаптарды қолданып, 2/4 өлшеміндегі музыкалық сөйлемдерді (4-8 такт) шығару және импровизациялау; әртүрлі ырғақтық суреттерді қолданып музыкалық сөйлемдерді шығару;

3) «Жобаны дайындау және құру» бөлімі: музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде шығармашылық белсенділікті, дербестікті таныту; шығармашылық жұмысты ұсыну; әндерді вокальды орындау; музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде дербестікті және шығармашылықты дамыту; ұсынылған тақырыптар бойынша жеке жобалар.

22. 4-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Музыка тыңдау, талдау және орындау» бөлімі: музыкалық терминдерді қолданып, тыңдалған шығарманың стилі (халық, классикалық), жанры; эпос, жыр, аңыз, қисса, жырау, жыршы, аңыз-ертегіші; шығарманың көркемдік бейнесі; аспаптардың қасиеттері, ерекшеліктері және тембрлік бояуы; сипап-сезу негізінде аспаптың құрылысында бағдарлау; сүйемелдеусіз және музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әртүрлі жанрдағы және стильдегі шығармалар, интонациялау тазалығы; шағын әуендерді, канон формасындағы жеңіл әндерді орындау; ансамбльде немесе виртуальды музыкалық аспаптарда (онлайн-синтезатор) партияларды сақтап, қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау; музыкалық сауаттылық (Брайльдің нота жүйесі): қарапайым музыкалық формалар (шумақ, қайырма, АВ, АВА), стильдер мен жанрлар, шығармадағы $\frac{3}{4}$ өлшемі; хордың түрлері (балалар, әйелдер, ерлер, аралас), халық аспаптар ансамблі (қазақ, орыс), симфониялық оркестр; музыкалық мәнерлілік құралдары (әуен, ырғақ, регистр, қарқын, динамика, тембр, саз); аспапта ойнауда кеңістікте бағдарлау; Брайль жүйесі бойынша нота жазбасында бағдарлау; үлкен кеңістікте, сахнада бағдарлау;

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру» бөлімі: музыкалық мәнерлілік құралдарын қолданумен музыка шығару және импровизациялау үшін идеялар мен материалдарды жинау; сахналанған әндер, музыкалық ойындар және музыкалық қойылымдар; шығарманың музыкалық бейнелері; шығарманың сипатын жеткізе отырып, музыкалық рөлді орындау; шығарманың музыкалық бейнесін құра және орындай білу; сипап-сезу негізінде формасы және дыбысы бойынша аспаптарды ажырата білу және топтарды анықтау; музыка шығару және импровизациялау; дауысты, музыкалық аспаптарды (халық, классикалық немесе виртуальды) қолданып, $\frac{3}{4}$ өлшеміндегі (4-8 такт)

музыкалық сөйлемдер; Audacity (аудиосиди) компьютерлік бағдарламасы; музыкалық сөйлемдерді шығару және оларды аспаптарда қайта жаңғырту;

3) «Жобаны дайындау және құру» бөлімі: музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде шығармашылықтың белсенділігін, дербестігін көрсету; шығармашылық жұмысты ұсыну; берілген критерийлер бойынша шығармашылық жұмысты бағалау; әндерді вокальды орындау; хормен орындау; қарапайым әндерді және әуендерді жеке және оркестрде орындау.

4 - тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

23. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында «1» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқыту мақсатының реттік саны.

24. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Музыка тыңдау, талдау және орындау» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Музыканы тыңдау және талдау	0.1.1.1 мәнерлі құралдард ы: (жай, қатты, баяу, жылдам) анықтау; 0.1.1.2 белгілі әуендерді тану, олардың ұқсастығы мен айырмашы лықтарын көру; 0.1.1.3 музыкалық шығармал арды	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарман ың көңіл- күйін, қарқыны, ырғағын, динамикас ын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау; 1.1.1.3	2.1.1.1 музыкалық терминдер ді қолданып, музыкалық шығармала рдың көңіл- күйін, мазмұнын және мәнерлі құралдары н анықтаужә не салыстыру; 2.1.1.2 визуальды элементтер дің және	3.1.1.1 тыңдалған шығарман ың көңіл- күйін, мазмұнын және көркемдік бейнелерін анықтау және салыстыру ; 3.1.1.2 музыкалық жанрларды және ұғымдард ы түсіндіру және ажырату;	4.1.1.1 музыкалық терминдерд і қолданып, тыңдалған шығарманы ң стилін (халық, классикалы қ), және жанрын анықтау және ажырату; 4.1.1.2 эпос, жыр, аңыз, қисса, жырау, жыршы, ертегі- аңызшы ұғымдарын

	тыңдау; 0.1.1.4 сипап-сезу негізінде дыбысы бойынша аспаптард ы ажырату	музыкалық шығармал арды тыңдау және олардың сипатын анықтау; 1.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптард ың қасиеттері н ажырату	музыкалық -ырғақтық қимылдард ың көмегімен музыка туралы өзінің ойлары мен сезімдерін жеткізу; 2.1.1.3 музыкалық бейнені қабылдау, өзінің эсерлері мен пікірлерін білдіріп айту; 2.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптард ың қасиеттері мен ерекшелікт ерін ажырату	3.1.1.3 тыңдалған музыка туралы өзінің эсерлері мен пікірлерін түсіндіру; 3.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптард ың қасиеттері н, ерекшелікт ерін және тембрлік бояуын ажырату	түсіндіру және ажырату; 4.1.1.3 шығармадағ ы көркемдік бейнені сипаттап, тыңдалған музыка туралы өзінің ой- пікірлері мен сезімдерін негіздеу; 4.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды ң қсиеттерін, ерекшелікте рін және тембрлік бояуын ажырату және аспаптың құрылысын да бағдарлау
1.2 Музыкалық - орындаушы лық іс- әрекет	0.1.2.1 эндегі сөздерді, жалғаулар ды, дауысты және дауыссыз дыбыстард ы таза айту;	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелде уімен эндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және	2.1.2.1 ырғақтық суретті, қарқынды сақтап, музыкалық аспаптың сүйемелде уімен әртүрлі сипаттағы	3.1.2.1 ырғақтық суретті, қарқынды және динамикан ы сақтап, музыкалық аспаптың сүйемелде уімен	4.1.2.1 интонациял ау тазалығын сақтап, сүйемелдеу сіз және музыкалық аспаптың сүйемелдеуі мен әртүрлі

	0.1.2.2 сипау арқылы аспаптарды тану; 0.1.2.3 музыкаға сәйкес қарапайым ырғақтық суреттерді білу және орындау	қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді құру; 1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану	әндерді орындау; 2.1.2.2 қарқынды және ырғақтық суретті сақтап, шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау; 2.1.2.3 әртүрлі аспаптарды ноталармен ойнай білу	әртүрлі сипаттағы әндерді орындау; 3.1.2.2 қарқын және динамиканы сақтап, шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында әртүрлі ырғақтық суреттерді ансамбльде ойнау; 3.1.2.3 әртүрлі аспаптарда әуендерді ойнай білу	жанрдағы, стильдегі шығармаларды орындау; 4.1.2.2 канон формасындағы шағын әуендерді, жеңіл әндерді орындау; 4.1.2.3 ансамбльде немесе виртуальды музыкалық аспаптарда (онлайн-синтезатор) партияларды сақтап, қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау
1.3 Музыкалық сауат	0.1.3.1 секста, септима шегінде биіктігі бойынша дыбыстарды: (жоғары, төмен) ажырату; 0.1.3.2 музыканың сипатын жеткізіп,	1.1.3.1 есту арқылы жоғары, орташа, төменгі регистрлерді, динамиканы (f, p), қысқа және ұзын дыбыстарды, соль және ми	2.1.3.1 релятивті жүйені қолданып дыбыстардың биіктігін атау (до, ми, соль), есту арқылы ноталардың және паузалардың	3.1.3.1 есту арқылы дыбыстың биіктігін анықтау және бірінші октаваның шегінде ұлғайтылған тармақпен және Брайль	4.1.3.1 шығармадағы қарапайым музыкалық формаларды (шумақ, қайырма, АВ, АВА), стильдермен жанрларды, $\frac{3}{4}$ өлшемін анықтау; 4.1.3.2

	<p>мәнерлі ән сала білу; 0.1.3.3 қысқа музыкалық сөйлемдер арасында тыныс ала білу; 0.1.3.4 қимыл-қозғалыста бағдарлай білу; 0.1.3.5 балалар музыкалық аспаптары н қолдана білу; 0.1.3.6 есту арқылы нотаны анықтау (жоғары, төмен)</p>	<p>ноталарын ың биіктігін, қарқынды анықтау; 1.1.3.2 қазақ халқымен және басқа музыкалық аспаптардың дауысын, тембрін анықтау; 1.1.3.3 әуеннің графикалық бейнесін түсіну; 1.1.3.4 кеңістікте бағдарлауды дамыту; 1.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша нота жазбасын үйрену</p>	<p>(сегіздік, төрттік) ұзақтығын анықтау; 2.1.3.2 қазақ халқы мен классикалық музыкалық аспаптардың тембрлерін салыстыру; 2.1.3.3 шығарманың музыкалық жанрын анықтау; 2.1.3.4 сипат-сезудің көмегімен шағын кеңістікте бағдарлау; 2.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша ноталарды жаза білу</p>	<p>жүйесі бойынша ноталарды нота дәптеріне жазу; 3.1.3.2 музыкалық аспаптардың дыбысталуы бойынша ажырату және топтар бойынша жіктеу; 3.1.3.3 есту арқылы регистрлерді, динамиканы, қарқынды анықтау; 3.1.3.4 кеңістікте бөгелмей бағдарлау; 3.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша әуендерді жаза білу</p>	<p>хордың түрлерін тану (балалар, әйелдер, ерлер, аралас), аспаптардың құрамы бойынша халық (қазақ, орыс) және симфониялық оркестрлерді ажырату; 4.1.3.3 музыкалық мәнерлілік құралдарын (әуен, ырғақ, регистр, қарқын, динамика, тембр, саз) анықтау; 4.1.3.4 аспапта ойнауда кеңістікте бағдарлау; 4.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша нота жазбасында бағдарлау</p>
--	---	--	--	--	--

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру» бөлімі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинау	0.2.1.1 шығармашылық бейнені білу және түсіну; 0.2.1.2 ертегі кейіпкерлерінің жеке-дара сапаларын дауыспен жеткізу; 0.2.1.3 музыкалық бейнені қабылдау, өзінің әсерлерін айта білу; 0.2.1.4 сипап-сезу негізінде және дыбысы бойынша аспаптарды ажырату	1.2.1.1 музыкалық фразаларды шығаруда идеяларды ұсыну; 1.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және шағын музыкалық қойылымдарды сахналай білу; 1.2.1.3 музыкалық бейнелерді қабылдау, өзінің әсерлері мен ой-пікірлерін айта білу; 1.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату	2.2.1.1 музыкалық фразаларды шығару және импровизациялау үшін идеяларды ұсыну; 2.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және музыкалық қойылымдар мен бейнелерді сахналай білу; 2.2.1.3 шығарманың музыкалық бейнесін құра білу; 2.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату	3.2.1.1 музыкалық мәнгерлік құралдарын қолданып, музыка шығару және импровизациялауда идеяларды ұсыну; 3.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және музыкалық қойылымдар мен бейнелерді сахналай білу, шығарманың сипатын анықтау; 3.2.1.3 шығарманың музыкалық бейнесін құру; 3.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен	4.2.1.1 музыкалық мәнгерлік құралдарын қолданып, музыка шығару және импровизациялау үшін идеяларды жүйелеу және материал жинау; 4.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және музыкалық қойылымдар мен бейнелерді сахналай білу, шығарманың сипатын жеткізіп орындай білу; 4.2.1.3 шығарманың музыкалық бейнесін құру және

				формасы бойынша ажырату	орындау; 4.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату және топтарды анықтау
2.2 Музыканы шығару және импровизациялау	0.2.2.1 музыкалық -қозғалыс этюдтерінде және ойындарда мәнерліліктің қарапайым мимикалық және пантомимикалық құралдарды қолдану; 0.2.2.2 шапалақтар мен топылдатудың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту	1.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (1-2 такт) шығару; 1.2.2.2 шапалақтау, топылдату және басқа қимылдардың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту	2.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (2-4 такт) шығару және импровизациялау; 2.2.2.2 дауысты және аспапты қолданып, ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту	3.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, 2/4 өлшеміндегі (4-8 такт) музыкалық фразаларды шығару және импровизациялау; 3.2.2.2 алуан түрлі ырғақтық суреттерді қолданып, музыкалық фразаны шығару	4.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды (халық, классикалық немесе виртуалды) және Audacity (аудиосиди) компьютерлік бағдарламасын қолданып, 3/4 өлшеміндегі (4-8 такт) музыкалық фразаларды шығару және импровизациялау; 4.2.2.2 музыкалық фразаны

					шығару және аспапта ойнау
--	--	--	--	--	---------------------------

3) «Жобаны дайындау және құру» бөлімі:
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды презентациялау және бағалау	0.3.1.1 балалардың шығармашылықпен орындаған әндерін бағалай (жақсы, нашар) және ұсыныс жасай білу; 0.3.1.2 қорқынышпен ұяндықты жеңу; 0.3.1.3 позитивті көңіл-күйді құра білу	1.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу; 1.3.1.2 сахнада қорқынышпен ұяндықты жеңу; 1.3.1.3 әндерді ешбір қысымсыз, көңіл-күйді көрсетіп орындау	2.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете және бағалай білу; 2.3.1.2 сахнада жатырқауды, қорқынышты, ұяндықты жеңу; 2.3.1.3 музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде шығармашылықтың белсенділігін, дербестігін көрсету	3.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу, өзінің және басқалардың жұмысын бағалай білу; 3.3.1.2 психологиялық дағдарысты және өзіндік толыққанды болмау сезімін жеңу; 3.3.1.3 берілген тақырыптар бойынша жеке жобаларды орындау	4.3.1.1 критерийлерге сәйкес шығармашылық жұмысты көрсете, бағалай білу, өз жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу; 4.3.1.2 музыкалық іс-шараларда өнер көрсетуде жатырауды, ұяндықты, тұйықтықты, бөгелуді жүйелі түрде жеңу; 4.3.1.3 қарапайым әндер мен әуендерді жеке және оркестрде орындау

25. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

22. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік
оқу бағдарламасына қосымша

Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің
0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын
жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 0- сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан			
1. Өзім туралы	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	0.1.1.1 мәнерлі құралдарды: (жай, қатты, баяу, жылдам) анықтау; 0.1.1.2 белгілі әуендерді тану, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын көру; 0.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау; 0.1.1.4 сипап-сезу негізінде дыбысы бойынша аспаптарды ажырату
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	0.1.2.1 әндегі сөздерді, жалғауларды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды таза айту; 0.1.2.2 сипау арқылы аспаптарды тану; 0.1.2.3 музыкаға сәйкес қарапайым ырғақтық суреттерді білу және орындау
		1.3 Музыкалық сауат	0.1.3.1 секста, септима шегінде биіктігі бойынша дыбыстарды: (жоғары, төмен) ажырату; 0.1.3.2 музыканың сипатын бере отырып, мәнерлі ән айта білу; 0.1.3.3 қысқа музыкалық сөйлемдер арасында тыныс ала білу; 0.1.3.4 қимыл-қозғалыста бағдарлай білу; 0.1.3.5 аспапты қолдана білу; 0.1.3.6 есту арқылы нотаны анықтау (жоғары, төмен)
2. Менің мектебім	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	0.2.1.1 шығармашылық бейнені білу және түсіну; 0.2.1.2 ертегі кейіпкерлерінің жеке сапаларын дауыс арқылы жеткізу; 0.2.1.3 музыкалық бейнені қабылдау, өзінің әсерлерін айту;

			0.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату	
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	0.2.2.1 музыкалық-қозғалыс этюдтерінде және ойындарда мәнерліліктің қарапайым мимикалық және пантомимикалық құралдарын қолдану; 0.2.2.2 шапалақтар мен топылдатудың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту	
2 - тоқсан				
3. Менің отбасым және достарым 4. Бізді қоршаған әлем	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	0.1.1.1 мәнерлі құралдарды: (жай, қатты, баяу, жылдам) анықтау; 0.1.1.2 белгілі әуендерді тану, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын көру; 0.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау	
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	0.1.2.1 әндегі сөздерді, жалғауларды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды таза айту; 0.1.2.2 сипау арқылы аспаптарды тану; 0.1.2.3 музыкаға сәйкес қарапайым ырғақтық суреттерді білу және орындау	
		1.3 Музыкалық сауат	0.1.3.1 секста, септима шегінде биіктігі бойынша дыбыстарды: (жоғары, төмен) ажырату; 0.1.3.2 музыканың сипатын бере отырып, мәнерлі ән айта білу; 0.1.3.3 қысқа музыкалық сөйлемдер арасында тыныс ала білу	
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	0.2.1.1 шығармашылық бейнені білу және түсіну; 0.2.1.2 ертегі кейіпкерлерінің жеке сапаларын дауыс арқылы жеткізу	
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	0.2.2.1 музыкалық-қозғалыс этюдтерінде және ойындарда мәнерліліктің қарапайым мимикалық және пантомимикалық құралдарды қолдану	
	3. Жобаны дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	0.3.1.1 балалардың шығармашылықпен орындаған әндерін бағалай (жақсы, нашар) және ұсыныс жасай білу 0.3.1.2 қорқынышты және ұяңдықты жеңу; 0.3.1.3 позитивті көңіл-күйді құра білу	
	3 - тоқсан			

5. Саяхат	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	0.1.1.1 мәнepлi құралдарды: (жай, қатты, баяу, жылдам) анықтау; 0.1.1.2 белгілі әуендерді тану, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын көру; 0.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	0.1.2.1 әндегі сөздерді, жалғауларды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды таза айту; 0.1.2.2 сипау арқылы аспаптарды тану; 0.1.2.3 музыкаға сәйкес қарапайым ырғақтық суреттерді білу және орындау
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	0.2.1.1 шығармашылық бейнені білу және түсіну; 0.2.1.2 ертегі кейіпкерлерінің жеке сапаларын дауыс арқылы жеткізу
	3. Жобаны дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	0.3.1.1 балалардың шығармашылықпен орындаған әндерін бағалай (жақсы, нашар) және ұсыныс жасай білу
	6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау
1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет			0.1.2.1 әндегі сөздерді, жалғауларды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды таза айту; 0.1.2.2 сипау арқылы аспаптарды тану; 0.1.2.3 музыкаға сәйкес қарапайым ырғақтық суреттерді білу және орындау
1.3 Музыкалық сауат			0.1.3.1 секста, септима шегінде биіктігі бойынша дыбыстарды: (жоғары, төмен) ажырату; 0.1.3.2 музыканың сипатын бере отырып, әнді мәнepлi айта білу; қысқа және ұзын дыбыстарды ажырату, ырғақты шапалақтау; 0.1.3.3 қысқа музыкалық сөйлемдер арасында тыныс ала білу
3. Жобаны дайындау және құру		3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	0.3.1.1 балалардың шығармашылықпен орындаған әндерін бағалай (жақсы, нашар) және ұсыныс жасай білу; 0.3.1.2 қорқыныш пен ұяндықты жеңу
4 - тоқсан			
7. Тағам және сусын	1. Музыка тыңдау, талдау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	0.1.1.1 мәнepлi құралдарды: (жай, қатты, баяу, жылдам) анықтау;

8. Дені саудың – жаны сау	және орындау	талдау	0.1.1.2 белгілі әуендерді тану, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын көру; 0.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	0.1.2.1 әндегі сөздерді, жалғауларды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды таза айту; 0.1.2.2 сипау арқылы аспаптарды тану; 0.1.2.3 музыкаға сәйкес қарапайым ырғақтық суреттерді білу және орындау
		1.2 Музыкалық сауат	0.1.3.1 секста, септима шегінде биіктігі бойынша дыбыстарды: (жоғары, төмен) ажырату; 0.1.3.2 музыканың сипатын бере отырып, мәнерлі ән айта білу; 0.1.3.3 қысқа музыкалық сөйлемдер арасында тыныс ала білу
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту	0.2.1.1 шығармашылық бейнені білу және түсіну; 0.2.1.2 ертегі кейіпкерлерінің жеке-дара сапаларын дауыспен жеткізу
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	0.2.2.1 музыкалық-қозғалыс этюдтерінде және ойындарда мәнерліліктің қарапайым мимикалық және пантомимикалық құралдарды қолдану
	3. Жобаны дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	0.3.1.1 балалардың шығармашылықпен орындаған әндерін бағалай (жақсы, нашар) және ұсыныс жасай білу; 0.3.1.2 қорқыныш пен ұяндықты жеңу

2) 1-сынып:
2-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан			
1. Өзім туралы	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау; 1.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау және олардың сипатын анықтау; 1.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттерін ажырату
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың

			<p>ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді құру;</p> <p>1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану</p>
		1.3 Музыкалық сауат	<p>1.1.3.1 есту арқылы жоғары, орташа, төменгі регистрлерді, динамиканы (f, p), қысқа және ұзын дыбыстарды, соль және ми ноталарының биіктігін, қарқынды анықтау;</p> <p>1.1.3.2 қазақ халықымен және басқа музыкалық аспаптардың дауысын, тембрін анықтау;</p> <p>1.1.3.3 әуеннің графикалық бейнесін түсіну;</p> <p>1.1.3.4 кеңістікте бағдарлауды дамыту;</p> <p>1.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша нота жазбасын зерттеу</p>
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	<p>1.2.1.1 музыкалық сөздерді шығаруда идеяларды ұсыну;</p> <p>1.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және шағын музыкалық қойылымдарды сахналай білу;</p> <p>1.2.1.3 музыкалық бейнелерді қабылдау, өзінің әсерлері мен пікірлерін айту;</p> <p>1.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату</p>
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	<p>1.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (1-2 такт) шығару</p> <p>1.2.2.2 шапалақтау, топылдату және басқа қозғалыстардың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту</p>
2. Менің мектебім	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	<p>1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау;</p> <p>1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау;</p> <p>1.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау және олардың сипатын анықтау</p>
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	<p>1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау;</p> <p>1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді құру;</p> <p>1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану</p>
		1.3 Музыкалық сауат	<p>1.1.3.1 есту арқылы жоғары, орташа, төменгі регистрлерді, динамиканы (f, p),</p>

			қысқа және ұзын дыбыстарды, соль және ми ноталарының биіктігін, қарқынды анықтау; 1.1.3.2 қазақ халықымен және басқа музыкалық аспаптардың дауысын, тембрін анықтау; 1.1.3.3 әуеннің графикалық бейнесін түсіну; 1.1.3.4 кеңістікте бағдарлауды дамыту; 1.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша нота жазбасын зерттеу
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	1.2.1.1 музыкалық сөздерді шығаруда идеяларды ұсыну; 1.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және шағын музыкалық қойылымдарды сахналай білу; 1.2.1.3 музыкалық бейнелерді қабылдау, өзінің әсерлері мен ой-пікірлерін айта білу
	3. Жобаны дайын дау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	1.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу; 1.3.1.2 сахнада қорқыныш пен ұяңдықты жеңу; 1.3.1.3 әндерді ешбір қысымсыз, көңіл-күйді көрсетіп орындау
2 – тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау; 1.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау және олардың сипатын анықтау
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді құру; 1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану; 1.1.2.4 жануарларды ырғақтық қозғалыстармен бере білу
		1.3 Музыкалық сауат	1.1.3.1 есту арқылы жоғары, орташа, төменгі регистрлерді, динамиканы (f, p), қысқа және ұзын дыбыстарды, соль және ми ноталарының биіктігін, қарқынды анықтау; 1.1.3.2 қазақ халықымен және басқа музыкалық аспаптардың дауысын, тембрін анықтау;

			1.1.3.3 әуеннің графикалық бейнесін түсіну; 1.1.3.4 кеңістікте бағдарлауды дамыту
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	1.2.1.1 музыкалық сөздерді шығаруда идеяларды ұсыну; 1.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және шағын музыкалық қойылымдарды сахналай білу; 1.2.1.3 музыкалық бейнелерді қабылдау, өзінің әсерлері мен ой-пікірлерін айта білу
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (1-2 такт) шығару; 1.2.2.2 шапалақтау, топылдату және басқа қимылдардың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту
	3. Жобаны дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	1.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу; 1.3.1.2 сахнада қорқыныш пен ұяндықты жеңу; 1.3.1.3 әндерді ешбір қысымсыз, көңіл-күйді көрсетіп орындау
4. Бізді қоршаған әлем	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау; 1.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау және олардың сипатын анықтау
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді құру; 1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	1.2.1.1 музыкалық сөздерді шығаруда идеяларды ұсыну; 1.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және шағын музыкалық қойылымдарды сахналай білу
	3. Жобаны дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	1.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу; 1.3.1.2 сахнада қорқыныш пен ұяндықты жеңу; 1.3.1.3 әндерді ешбір қысымсыз, көңіл-күйді көрсетіп орындау

3 – тоқсан			
5. Саяхат	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау; 1.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау және олардың сипатын анықтау; 1.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттерін ажырату
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді құру; 1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану
		1.3 Музыкалық сауат	1.1.3.1 есту арқылы жоғары, орташа, төменгі регистрлерді, динамиканы (f, p), қысқа және ұзын дыбыстарды, соль және ми ноталарының биіктігін, қарқынды анықтау; 1.1.3.2 қазақ халықымен және басқа музыкалық аспаптардың дауысын, тембрін анықтау; 1.1.3.3 әуеннің графикалық бейнесін түсіну; 1.1.3.4 кеңістікте бағдарлауды дамыту; 1.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша нота жазбасын зерттеу
	3. Жобаны дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	1.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу; 1.3.1.2 сахнада қорқыныш пен ұяңдықты жеңу; 1.3.1.3 әндерді ешбір қысымсыз, көңіл-күйді көрсетіп орындау
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау; 1.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау және олардың сипатын анықтау; 1.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттерін ажырату
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді

			күру; 1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану
		1.3 Музыкалық сауат	1.1.3.1 есту арқылы жоғары, орташа, төменгі регистрлерді, динамиканы (f, p), қысқа және ұзын дыбыстарды, соль және ми ноталарының биіктігін, қарқынды анықтау; 1.1.3.2 қазақ халықымен және басқа музыкалық аспаптардың дауысын, тембрін анықтау; 1.1.3.3 әуеннің графикалық бейнесін түсіну; 1.1.3.4 кеңістікте бағдарлауды дамыту; 1.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша нота жазбасын зерттеу
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды күру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	1.2.1.1 музыкалық сөздерді шығаруда идеяларды ұсыну; 1.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және шағын музыкалық қойылымдарды сахналай білу; 1.2.1.3 музыкалық бейнелерді қабылдау, өзінің әсерлері мен ой-пікірлерін айта білу; 1.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (1-2 такт) шығару; 1.2.2.2 шапалақтау, топылдату және басқа қимылдардың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту
	3. Жобаны дайындау және күру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	1.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу; 1.3.1.2 сахнада қорқыныш пен ұяңдықты жеңу; 1.3.1.3 дыбысталуы бойынша симфониялық оркестрді анықтау
4 - тоқсан			
7. Тағам және сусын	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау;
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді

			күру
		1.3 Музыкалық сауат	1.1.3.1 есту арқылы жоғары, орташа, төменгі регистрлерді, динамиканы (f, p), қысқа және ұзын дыбыстарды, соль және ми ноталарының биіктігін, қарқынды анықтау; 1.1.3.2 қазақ халқымен және басқа музыкалық аспаптардың дауысын, тембрін анықтау; 1.1.3.3 әуеннің графикалық бейнесін түсіну
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды күру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	1.2.1.1 музыкалық сөздерді шығаруда идеяларды ұсыну; 1.2.1.2 музыканың екі және үш бөлімді формасына сәйкес қозғалыстарды өз бетімен өзгертуді үйрену
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (1-2 такт) шығару; 1.2.2.2 шапалақтау, топылдату және басқа қимылдардың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту
8. Дені саудың – жаны сау	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, қарқыны, ырғағын, динамикасын анықтау; 1.1.1.2 таныс әуендер мен музыканы есту арқылы анықтау және сипаттау; 1.1.1.3 музыкалық шығармаларды тыңдау және олардың сипатын анықтау
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әндерді орындау; 1.1.2.2 шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау және қарапайым ырғақтық суреттерді күру; 1.1.2.3 сипау арқылы аспаптарды тану
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды күру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материал жинау	1.2.1.1 музыкалық сөздерді шығаруда идеяларды ұсыну; 1.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және шағын музыкалық қойылымдарды сахналай білу; 1.2.1.3 музыкалық бейнелерді қабылдау, өзінің әсерлері мен пікірлерін айту; 1.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (1-2 такт) шығару;

		у	1.2.2.2 шапалақтау, топылдату және басқа қозғалыстардың көмегімен қарапайым ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту
	3. Жобаны дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	1.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете білу; 1.3.1.2 сахнада қорқынышты және ұяндықты жеңу; 1.3.1.3 әндерді ешбір қысымсыз, көңіл-күйді көрсетіп орындау

3) 2-сынып:

3-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан			
1. Өзім туралы	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	2.1.1.1 музыкалық терминдерді қолданып, музыкалық шығармалардың көңіл-күйін, мазмұнын және мәнерлі құралдарын анықтау және салыстыру; 2.1.1.2 визуальды элементтердің және музыкалық-ырғақтық қимылдардың көмегімен музыка туралы өзінің ойлары мен сезімдерін жеткізу; 2.1.1.3 музыкалық бейнені қабылдау, өзінің әсерлері мен пікірлерін білдіріп айту; 2.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттерін және ерекшеліктерін ажырату
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	2.1.2.1 ырғақтық суретті, қарқынды сақтап, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы әндерді орындау; 2.1.2.2 қарқынды және ырғақтық суретті сақтай отырып, шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау; 2.1.2.3 әртүрлі аспаптарды ноталармен ойнай білу
		1.3 Музыкалық сауат	2.1.3.1 релятивті жүйені (до, ми, соль) қолданумен дыбыстардың биіктігін атау, есту арқылы ноталар мен паузалардың (сегіздік, төрттік) ұзақтығын анықтау; 2.1.3.2 қазақ халқы мен классикалық музыкалық аспаптардың тембрлерін салыстыру; 2.1.3.3 шығарманың музыкалық жанрын

			анықтау; 2.1.3.4 сипап-сезудің көмегімен шағын кеңістікте бағдарлау; 2.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша ноталарды жаза білу
	2. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру	2.2 Музыка шығару және импровизациялау	2.2.2. дауысты және музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (2-4 такт) шығару және импровизациялау; 2.2.2.2 дауысты және аспапты қолданып, ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту
	3. Жоба дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	2.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете және бағалай білу; 2.3.1.2 сахнада жатырқауды, қорқынышты және ұяндықты жеңу; 2.3.1.3 музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде шығармашылықтың белсенділігін, дербестігін көрсету
2. Менің отбасым және достарым	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	2.1.1.1 музыкалық терминдерді қолданып, музыкалық шығармалардың көңіл-күйін, мазмұнын және мәнерлі құралдарын анықтау және салыстыру; 2.1.1.2 визуальды элементтердің және музыкалық-ырғақтық қимылдардың көмегімен музыка туралы өзінің ойлары мен сезімдерін жеткізу; 2.1.1.3 музыкалық бейнені қабылдау, өзінің әсерлері мен пікірлерін білдіріп айту; 2.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттерін және ерекшеліктерін ажырату
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	2.1.2.1 ырғақтық суреттің қарқынын сақтап, музыкалық аспаптың сүйемелдеуінде әртүрлі сипаттағы әндерді орындау; 2.1.2.2 қарқынды және ырғақтық суретті сақтай отырып, шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау; 2.1.2.3 әртүрлі аспаптарды ноталармен ойнай білу
		1.3 Музыкалық сауат	2.1.3.1 релятивті жүйені (до, ми, соль) қолданумен дыбыстардың биіктігін атау, есту арқылы ноталар мен паузалардың (сегіздік, төрттік) ұзақтығын анықтау; 2.1.3.2 қазақ халқы мен классикалық музыкалық аспаптардың тембрлерін

			салыстыру
	3. Жоба дайындау және құру	3.1 Музыканы презентациялау және бағалау	2.3.1.1 өзінің шығармашылық жұмысын көрсете және бағалай білу; 2.3.1.2 сахнада жатырқауды, қорқынышты және ұяңдықты жеңу; 2.3.1.3 музыкалық іс-әрекеттің алуан түрлерінде шығармашылықтың белсенділігін, дербестігін көрсету
2 - тоқсан			
3. Менің мектебім	1. Музыка тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыка тыңдау және талдау	2.1.1.1 музыкалық терминдерді қолданып, музыкалық шығармалардың көңіл-күйін, мазмұнын және мәнерлі құралдарын анықтау және салыстыру; 2.1.1.2 визуальды элементтердің және музыкалық-ырғақтық қимылдардың көмегімен музыка туралы өзінің ойлары мен сезімдерін жеткізу; 2.1.1.3 музыкалық бейнені қабылдау, өзінің әсерлері мен пікірлерін білдіріп айту; 2.1.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптардың қасиеттерін және ерекшеліктерін ажырату
		1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	2.1.2.1 ырғақтық суретті, қарқынды сақтап, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы әндерді орындау; 2.1.2.2 қарқынды және ырғақтық суретті сақтай отырып, шулы музыкалық және қазақтың ұрмалы халық аспаптарында ойнау; 2.1.2.3 әртүрлі аспаптарды ноталармен ойнай білу
		1.3 Музыкалық сауат	2.1.3.1 релятивті жүйені (до, ми, соль) қолданумен дыбыстардың биіктігін атау, есту арқылы ноталар мен паузалардың (сегіздік, төрттік) ұзақтығын анықтау; 2.1.3.2 қазақ халқы мен классикалық музыкалық аспаптардың тембрлерін салыстыру; 2.1.3.3 шығарманың музыкалық жанрын анықтау; 2.1.3.4 сипап-сезудің көмегімен шағын кеңістікте бағдарлау; 2.1.3.5 Брайль жүйесі бойынша ноталарды жаза білу
	2. Музыкалық-шығармашыл	2.1 Шығармашылық идеяларды	2.2.1.1 музыкалық фразаларды шығару және импровизациялау үшін идеяларды ұсыну;

	Ық жұмыстарды құру	дамыту және материал жинау	2.2.1.2 әндерді, музыкалық ойындарды және музыкалық қойылымдар мен бейнелерді сахналай білу; 2.2.1.3 шығарманың музыкалық бейнесін құра білу; 2.2.1.4 сипап-сезу негізінде аспаптарды дыбысы мен формасы бойынша ажырату
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	2.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолданып, музыкалық фразаларды (2-4 такт) шығару және импровизациялау; 2.2.2.2 дауысты және аспапты қолданып, ырғақтық суреттерді қайта жаңғырту
